

Е. Н. Бұхарбаев, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының оқытушысы, полиция лейтенанты;

Ф. Е. Бөрібай, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ДАМУЫ

Мемлекеттің өз жұмысын заң негізінде іске асыратын ұйым ретіндегі ойлар адам баласының өркениетті дамуындағы алғашқы кезеңдерінде пайда бола бастаған. Жетілген және қоғам өмірінің адал нысандарын іздеу мемлекет идеяларымен жалғанған. Ертедегі ғалымдар (Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Полибий, Цицерон) құқық пен мемлекеттік билік арасындағы қарым-қатынасты көрсетуге талаптанғандағы мақсаттары — сол дәуірдегі қоғамды қамтамасыз ететін қатынастарды болжау болатын.

Ертедегі ғалымдардың ойынша құқықты мойындайтын, сонымен қатар құқықпен тежелген мемлекеттік билік адал мемлекеттік болып саналған. «Заңның күші жоқ жерде, — деп

жазды Аристотель, — мемлекеттік құрылымның қандай болмасын нысаны жоқ»¹. Цицеронның айтуынша, мемлекет — «халықтың ісі», «құқықтық араласу» және «жалпы құқықтық тәртіп»².

Монтескье мемлекеттің құрылуын азаматтың қоғамдағы саяси бостандықтың қажеттілігі деп түсіндірді. «Бостандық заңдарымен рұқсат етілген әрекеттерді жүзеге асыру. Егер азамат заңдармен тыйым салынған әрекет етсе, оның бостандығы болмайтын еді. Өйткені өзгелерде сондай әрекеттер жасаған болар еді»³. Демек, Монтескьенің көзқарасы бойынша, саяси бостандық — заңдылық пен қауіпсіздікті сақтау.

Мемлекет — бұл саяси биліктің саяси—аумақтық, егеменді түрде ұйымдастырылуы. Қоғам мен мемлекет — әртүрлі түсініктер. Біріншісі екіншісіне қарағанда кең болып келеді. Себебі қоғамда мемлекетпен қатар мемлекеттік емес құрылымдар да (саяси партиялар, саяси қозғалыстар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, еңбек ұжымдары және т. б.) болады. Мемлекет қоғамның саяси бөлігі, элементі болып табылады.

Мемлекет — белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғары дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы. Егемендікке, заңдастырылған зорлықты пайдалануға монополияға ие және қоғамды басқаруды арнай механизмдер (аппарат) арқылы жүзеге асырылатын қоғамдағы саяси билікті ұйымдастырудың ерекше түрі саяси жүйенің орталық институты⁴.

Мемлекеттің белгілері:

- Мемлекеттің орталық және жергілікті билік органдары жүйесі болады оған заңды, атқарушы және сот органдары, әскер, полиция жатады;
- Мемлекеттің тұрғандары әкімшілік-аумақтық бірлестіктерге (облыс, аудан, ауыл, т.с.с) бөлінеді (ол бірліктер әр елде түрліше аталады);
- Мемлекеттің шекарасы анық белгіленген аумағы болады;
- Мемлекеттің әскерді, полицияны, сотты, басқа мемлекеттік мекемелерде қызмет істейтін шенеуніктерді ұстау үшін салық жинайды;
- Мемлекет заңдар және басқа нормативтік—құқықтық актілер шығарады, солардың көмегімен қоғамды тәртіп орнатады.
- Даму сатылары:
- Биліктің бір мазмұннан бір мазмұнға өтуі мен күрделіленуіне және өз аумағының кеңеюіне қарай мемлекет мынадай даму сатыларын бастан кешіреді: ном, полис - халқы да, аумағы да аз, басқару жүйесі қарапайым протомемлекет;
- Бірнеше полис немесе тайпалық одақтардың бірігуінен пайда болған басқару жүйесі әлсіз, ортақ заң жүйесі жоқ немесе нашар дамыған, ыдырап кету қаупі күшті, қазіргі кездегі конфедерацияға ұқсас құрылым;
- Орталықтанған мемлекет — ішкі әкімшілік аймақтарда экономикалық қарым-қатынастар күшейіп, ортақ ақша ортақ заң жүйесі енгізілген, ыдырап кету қаупі болмашы мұндай елдерді халқы әдетте ұлт деп аталады;
- Империя — орталықтанған мемлекеттер күшейе келе көрші елдер аумақтарын басып алады да, әртүрлі шаруашылық жүйелерін біріктіріп, әр түрлі қоғамдық құрылысы бар елдерді күшпен бір орталыққа бағындырады, нәтижесінде империя пайда болады.

«Қоғам» деген ұғым әлеуметтану ғылымының басты категориясы болып табылады.

Қоғам дегеніміз — адамдардың жиынтығы, олардың бірігуі, бір-біріне қатынасы. Белгілі социолог П. Сорокиннің атап көрсеткеніндей, қоғам деген — ол бір адам емес, ең кемінде бір-бірімен байланысты екі адам⁵. К. Маркс «Қоғам» дегеніміз — адамдардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі деп есептеді⁶. Қоғамды бар деп тану үшін адамдардың бірігуіне мынандай жағдайлар қажет:

1. Адамдардың өмір сүруі үшін тұрақты жер территориясының ортақтығы болу керек. Әдетте ол мемлекет территориясымен сәйкес келеді.
2. Қауымдастықтың бүтіндігі мен тұрақтылығы.
3. Өздігінен ұдайы өндіру, өзін-өзі қамтамасыз ету және өзін-өзі басқару.
4. Халықтың дамуына қажетті белгілі бір мәдени деңгейдің болуы.

Қоғамның анықтамасы: өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында өзара байланысты және өзара әрекет ететін тарихи қалыптасқан формалар арқылы біріккен, тұрақтылығымен, бүтіндігімен, өздігінен ұдайы өндірілетіндігімен, өзін-өзі реттеуімен, қажетті мәдениет деңгейіне жеткен жетістігімен ерекшеленіп, сипатталатын адамдардың жиынтығы.

Қоғам — бұл, кең мағынада, адамдардың бірлескен қызметінің тарихи қалыптасқан нысандарының жиынтығы немесе тар мағынада, әлеуметтік жүйенің тарихи нақты типі, қоғамдық қатынастардың белгілі бір нысаны.

Қоғамның тарихи объективтік қалыптасқан негізгі белгілері:

- Саналы адамдардың ерікті түрде бірлесіп одақ құруы;
- Қоғамдық түпкілікті, нақты, объективтік мүдде мақсаттың қалыптасуы;
- Адамдардың өзара ынтымақтастығының, бірлігінің қалыптасуы;
- Қоғамдық мүдде-мақсат, тілек арқылы қарым-қатынастарды реттеп басқару;
- Қоғамды басқаратын, қоғамдық тәртіпті қорғайтын аппараттың, мемлекеттік биліктің өмірге келуі.

Қоғам саналы адамдардың бір мүддені, бір мақсатты орындау үшін саналы түрде өзара бірігуі. Мұнда міндетті түрде екі шартты элемент бар: мүдде-мақсаттың қалыптасуы және саналы адамдардың саналы түрде бірігуі.

Қоғам — мемлекетке тәуелді емес, дербес, ашық, жариялы қоғам. Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасу ерекшеліктері: кеңестік мейлінше мемлекеттендірілген күйден шығу және қоғам мен мемлекеттің ара қатынасын тәуелсіз дербестікте дамыту.

Республика Конституциясы Қазақстандағы қоғамның барлық даму сатыларын мемлекетке бағындырмастан (оның айғағы — онда «Қоғам» бөлімінің әдейі болмауы) әлеуметтік бағдарлы нарық экономикасы мен жеке адамның автономиясын тұрақты қалыптастыру үшін оған қажетті құқықтық жағдайлардың негізін қалайды. Оған: ең дәрежеде танылатын және қорғалатын мемлекеттік меншік пен жеке меншікті (6-баптың 1-тармағы); адам және азамат құқықтарының кең ауқымды және біртұтас кешені (11-бөлім); отбасын, ана мен әке және баланы мемлекеттің қорғауын (27-бап); идеологиялық және саяси әралуандықты (5-бап) және тағы басқа Конституцияда бекітілген қазақстандық азаматтық қоғамды ерікті дамытудың алғышарттарын жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында елімізде қоғамды қалыптастырып, демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру бағыттары көрсетілген. Бұл бағыт мемлекетіміздің ең күрделі, ең жауапты мүдде-мақсаты.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін алып, толық мемлекеттік егемендікке ие болғасын азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құру бағытын ұстанды, осылайша тоталитарлық құрылымдағы зорлық-зомбылық пен заңсыздықты жоюға мүдделігі және гуманистік құқықтық құндылықтарды, адам құқығы мен бостандығын басымды деп санайтынын білдірді.

1 Аристотель. Политика. — М, 1911. — 155-6.

2 Қазақ энциклопедиясы. III том.

3 Монтескье. Ш. Изб. соч. — М. 1955. - С. 289.

4 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакц. басқ. э.ғ.д. профессор Е.Арын. — Павлодар, 2006. - 569-6.

5 Саяси түсіндірме сөздік. — Алматы, 2007.

6 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы, 2007. — 344-6.